

АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
V том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2015

ӨОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

А 13

*Баспаға өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология,  
өдебиеттану және өлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және*

*Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)*

*Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы*

*Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

#### **ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

**Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,**

**А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ө. Тарақ,  
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының  
жетекшісі), И. Өзімбаева (жауапты хатшы), Ө. Жапарова (хатшы)**

#### **Пікір жазған**

**филология ғылымдарының докторы, профессор Қ. Мәдібаева**

#### **Жалпы редакциясын басқарған**

**филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев**

#### **Құрастырып, түсініктерін жазғандар:**

**П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүрәділ**

#### **Жауапты редактор**

**филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Молдабеков**

**А 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. V том. Ойлар мен толғаныстар /**  
**құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүр-**  
**әділ; жауапты ред. Ө. Тарақ; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Ал-**  
**маты: Қазақ университеті, 2015. – 283 б.**

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)**

**ISBN 978-601-04-1286-6 (V том)**

Абайтану ғылымы бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен ашылған. Бесінші томға Абайдың шығармашылығы туралы қоғамдық және гуманитарлық ғылым салаларында жарық көрген, уақыт сынынан өткен, ғылыми қауым мен көпшіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен мақалалардың таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

V томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интелектуалдық өлеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына ықпал етеді.

Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӨОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Қаз)**

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)**

**ISBN 978-601-04-1286-6 (V том)**

**© Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы**

**Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015**

## АБАЙДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ МӘДЕНИ-ТАРИХИ ЖӘНЕ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

### 1. Әлеуметтік философия және оның мәдени-тарихи алғышарттары

Уақыт адамдар мен халықтарды өзгертеді, қалыптасқан ескі дағдылар мен еліктеулерді жояды. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздік алуы Абай тағылымына шыншылдық тұрғыдан қарап, еркін және жүйелі зерттеуге мүмкіндік берді. Оның шығармашылығының тылсым табиғаты мен құпия бояуларын, жұмбақ сырларын ашу қазақ халқының тағдыры мен дамуында атқарған қызметі мен мәнін пайымдауға жол ашты.

Абай – қазақтың классикалық ой-элементінің заңғар шыңы. Ол артына Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сияқты ізбасарлары мен шәкірттерін қалдырды. Бұл тізімді әрі қарай жалғастыра беруге болады. Өйткені, Абайдан кейінгі кез-келген кішкене де болса зерделенген ой-пайымдаулар осы кемегер ой алыбының құдіретті сөздерімен салыстыра салмақталады: «ұлы баба соты» ұлт тағдырына әсер етер болашақтың теориялық нұсқасын жасауға тәуекел еткен әрбір адамды жауапкершілікке шақырды.

Абай – қазақтың қалыптасқан, толысқан ұлттық ақыл-ойын бұрынғы қалыптарынан бөліп тұрған үлкен асу. Бүгінде бұл ұлы тұлғаның шығармашылығына қайта оралуымыздың себептері көп. Ең алдымен ол таптық императивке қарағанда жалпыадамзаттық құндылықтарды жоғары қойды. Бұл ұдайы қайталанып, бұрынғы қалпынан бұзылмаған ой-сарасы XX ғасырдың зобалаңына да ұшырады, одан да аман өтті, уақыт оның жүзіне кіреуке түсіре алмады, қазір көпшілік қабылдаған қағидаға айналды. Абайдың осы ойының ақиқаттығын мойындап, сену үшін бізге бір ғасырдан астам уақыт керек болды. Қазақ ұлтының даму жолдары мен

тораптарын байыптаған басқа ой-пайымдарын түсіну үшін қанша уақыт керек болар екен?

Абай ойларын қазіргі өтпелі кезеңде тиімді пайдалана білсек, бізге берері мол. XIX және XX ғасырлардың басы экономикалық, саяси және рухани жағдайдың шиеленісуімен, XX ғасырмен XXI ғасырдың қарсаңымен сай келеді, сондықтан, ақын-философтың ойлары бүгінде де көкейкесті, зерделеп ой елегінен өткізуді қажет етеді. Әсіресе, бұл сабақтастық пен жаңалық арасындағы қайшылыққа байланысты. Өйткені, XX ғасырдың соңында және XXI ғасырдың қарсаңында басқа да жаңа тәуелсіз елдер сияқты Қазақстан да бір әлеуметтік-экономикалық жүйеден екіншіге көшу дәуірінде.

Қоғамның қазіргі күні жалпы мен дараның қайшылығы, өзінің тәуелсіз ұлттық мемлекетін құру мен көне мұраттарды әрі қарай дамыту ішкі және сыртқы себептердің ауқымының майданына айналды. Енді дүниетанымдық принциптерді қайта қарау қажет, өйткені бұған дейін біз тоталитарлық идеология құрсауында болдық. Енді идеологиялық плюрализм тұрғысынан Абай философиясы мен дүниетанымын зерттеудің жаңа методологиясы мен теориясын ұсынбақпыз.

Бүгінгі таңда қазақ халқының қоғамдық ойында қалыптасқан дәстүр мен қазіргі заман тағылымдары арасындағы қайшылықты байқаймыз. Батыс Еуропа ағартушылығына бас ұрудан арылатын уақыт жетті. Ұлттық ойдың ерекшелігін меңгеріп, еуропалық сырттан таңылған кірме тағылымдардан сақтана білуіміз керек. Автохтондық, өзіндік және сырттан енген құндылықтарды ұтымды үйлестіріп, олардың іштей кірігіп, оң бағытта қатар өмір сүру үрдістерін жасауға назар аудару мәселесі алда тұр. Бұл өркениетті дамудың сара жолына түсуге де, біздің қоғамның әлеуметтік және рухани сипаттарын игеруге де мүмкіндік береді.

Абай орыс пен Шығыстың философиялық мәдениетіне құрметпен қарады, бірақ ол ең алдымен өз халқының рухани өмірімен тығыз байланысты перзент еді. Ол – бізге сонысымен ардақты. Ұлы данышпан ойшыл Батыс пен Шығыстың астамшылығынан арылуға мүмкіндік беретін қазақтың тума мәдениетін іздеуге талаптанды.

Философтың өзі шығыс ойының бір арнасы деп таныған қазақ сана-сезімінің ішкі мәнін іздеу әлеуметтік шындыққа талдау жасаудың еуроцентристік әдістерінен арылуға, қоғам дамуының барысын ескере отырып, оның қалыптасу процесін қайта пайымдауға мүмкіндік берді. Бұл қазақ сахарасының ерекшелігін және жалпы мәселелерді қойып, оған танымдық тұрғыдан келуді айқындап берді.

Абай философиясындағы дәстүршілдік пен қазіргі заман, Шығыс пен Батыс арасындағы қарама-қайшылық мұра мен жаңғыру, жан мен ақыл-парасат, дін мен өмір, наным мен атеизм арасындағы қайшылықты түсінуге әкелді. Ал өзіндік гносеологиялық тұрғыдан алғанда, олар білім мен дін, ой мен әрекет, руханилық пен надандық, даналық пен қайрат, құдай еркі мен адамның еркіндігі арасындағы қайшылықтардан толық көрініс тапты.

Абай ұлттық сананың толық өсуі үшін Батыс пен Шығыстағы дүниетанымдардың пайдалы жақтарын, яғни саясат пен этиканы, рационалдық пен адамгершілікті, Батыс «технологиясы» мен Шығыс «моралін», ғылым мен техниканы шығыс құндылықтарымен, жеке өмірді қоғамдық өмірмен, дамуды әлеуметтік тұрақтылықпен біріктіру қажеттігін айқын түсінді.

Халықтың төл мәдениетін танып-білудің негізі – мәдениеттің мәні болып табылатын руханилықтың имманенттік өзіне тән формалары. Ол – оның барлық мүшелері ойларының өзіндік ерекшелігіне негіз. Демек, нақты қоғамдық-тарихи жағдайда әлеуметтік философияның басты ұғымы өзіндік ерекшелік болып табылады. Ол қоғамның дербестігін, сапалық айқындылығын көрсету үшін қолданылады. Бұл жерде қоғамдық болмыстың әр түрлі қыры және қоғамдық сананың антологиялық және гносеологиялық жақтары, тіршілік етудің құрамдас бөліктері мен ішкі даму көздері тұтаса біріккен. Абай дәуірінен бастап қазақ қоғамы дамуының серпінділік принципі – мәдениеттің өмірлік нәрі, оның өзегі, яғни тарихтың қозғаушы күштерінің бірі ретінде айқын көрінді.

Осы тұрғыдан өзіндік ерекшелік ұғымына халықтың рухани ерекшелігі туралы ұғым жақын келеді. Бұл салт-дәстүр,

құндылықтар мен мінез-құлық қалыптары ауқымында жиі қолданылады. Осы ұғым қоғамның сапалық өзгешелігін айқындауда жиі қолданылады. Бұл жалпы алғанда қазақтарда нақты экономикалық жағдайлардан гөрі өмірдің терең мәнді рухани-қазыналық жақтарын көрсетуге бағытталады. Шығыс қоғамының ерекшелігі осы қоғамның баянды болған құндылықтарының әлеуметтік құндылықтармен берік байланысты болуынан көрінеді. Бұл осы социумның батыстық-индустриалдық қоғамның ерекшелігіне негізделеді. Оның экономикалық нәтижеге бағытталуы – Батысқа тән ерекшелік. Бұл Шығыстың ойлау әдісінің мүлде өзгеше екендігін көрсетеді.

Азиялық өндіріс әдісі жайлы пікірталас және басқа да Шығыс өркениетінің тәуелсіз ортасы, өзіне тән даму көздері бар екенін және осының барлығы оның бірегейлі өзіндік ерекшелігін айқындап бергенін көрсетті. Бұл жалпыға мәлім батыстық қағидалардан бөлек, тәуелсіз ішкі, эндогендік даму қағидаларын іздеуді қажет етті. Қоғамды өркениетті методология тұрғысынан қарастырудың пайда болуына түрткі болған – алғашқы қауымдық және құл иеленушілік қоғамнан феодализм арқылы капитализмге және социализмге өту туралы асыра дәріптелген көзқарас.

Шығыстағы әмбебап ойлар үлгісі қоғам ауысуы формациялық әдісіне бағынбайтынын Абай күні бұрын білді. Өркениетті әдіс қазақ қоғамының түп-негізін зерттеп, әр түрлі уақыт, кеңістік сарасынан өткен мәдениеттердің тарихи сабақтастығына бүгінгі күн тұрғысынан қарауға қол жеткізді. Бұл бағытта әр кезеңдегі халық мәдениетінің тарихи және мәндік сабақтастығын анықтау, мәдениетті қорғаушыларды Отан, отаншылдық, эндогендік идея негізінде топтастыру мүмкін болды.

Абай «өркениет» деген арнаулы терминді қолданбаса да кең байтақ шетсіз-шексіз қазақ даласында әрқашан әлеуметтік өмірдің кең ауқымды ұйымдасқан түрі болғандығын көрсете білді. Бұл өркениет жеке адамдардың материалдық және рухани саладағы ортақ байланысына негізделді. Мұнда қоғамдық өзара байланыстылықтың рухани формалары айрықша маңызға ие болды, олар жалпыға бірдей маңызды және қажетті құрылымдық бөліктері арқылы жүзеге асырылды. Бұл өркениеттің әлеуметтік

қайнарлары оның тұтастығын қамтамасыз етеді. Ол рухани құндылықтардың, идеялардың, білімнің, дағдылар мен үрдістердің бірлігі ретінде көрініс табады. Бәрін қамтитын бірлік қоғам дамуындағы сабақтастықты, оның болашақпен байланысын қамтамасыз етеді, қоғамды өз серпінділігіне, тынысына бағындырады, ал ол қоғамның қалыптасу, өркендеу, тоқырау, т.б. әр алуан кезеңдерінен көрінді.

Қазақ қоғамы үшін шаруашылық-экономикалық көрсеткіштерден гөрі, адамдар арасындағы қатынастардың, нақты құндылықтар мен рухани үйлесімділіктің маңызы зор болды. Қоғамдағы адамдар арасындағы қатынастар экономикалық қатынастардан жоғары тұрды. Мұнда кейбір ортақ құндылықтар болды, олар барлық қоғам мүшелері үшін ерекше маңызға ие болды. Өркениеттік көзқарас тұрғысынан қарағанда қазақ қоғамының салалық және рухани байлығының ерекшелігіне, ондағы мәдениеттің экономикамен және саясатпен салыстырғанда үлкен мәнге ие болғандығына баға беруге мүмкіндік туды. Қазақ өркениетінің құрылымын нәзік байланыстар ұйымдастырып тұруы – батыстағы қоғамнан түбірлі өзгешелігі.

Абай қазақ қоғамын айрықша және ылғи дамуда болатын жүйе ретінде талдай отырып, оның рухани негізін зерттеді. Ол тұтастықты баянды ететін белгілі бір жүйе барлық мәдениет атаулыны нұсқалайды, сол қоғамның барлық саласына тереңдеп енеді. Халықтың барлық адамдары қай жерді мекендесе де, олардың тұрмыс деңгейі және әлеуметтік жағдайы жағынан бірінен-бірі өзгеше болса да, бәрі де осы қоғамдағы құндылықтар мен мұраттардың жанашыр қамқоршылары болды. Олар осы қоғам өмір сүріп тұрғанда үнемі жанарып, жаңғырып отырады.

Бұдан шығатын қорытынды: қазақ қоғамында рухани игілік жүйесі басты болып есептеледі, ол – материалдық өндірістің өзгермелі факторларына қарағанда тұрақты. Бұл қоғамның өзіндік ерекшелігі жайлы келелі тұжырым жасауға ондағы рухани эволюцияның ішкі бастау көздерін, қозғаушы күштері мен ерекшелігін айқындауға мүмкіндік береді, яғни мәдениетке баса назар аудару соның негізінде, оның өзіне тән құралдарымен

тұрлаулы да тұрақты әлеуметтік-мәдени құрылымды қалыптастырады. Осы көзқарасты одан әрі дамыта отырып, даму үстіндегі тұтастықтың барлық түрлеріне тән ортақ бастауды іздеу бағзы заманнан келе жатқан және тарихи жадында сақталған адамдар арасындағы қатынас қағидаларын қалыптастыруға қол жеткізеді. Бұл адамдар арасындағы қатынас қағидасы ұзақ уақыт бойы күрделі эволюцияны басынан кешіре отырып, өзінің негізгі мәнін сақтайды, сондықтан да ғасырлар бойы барлық рухани игілікке, соның ішінде қоғамдық қатынастарға ұйымдастырушылық және үйлестірушілік ықпал етеді. Сөйтіп, Батыстағы ақша-тауар қатынастардың орнына қазақ қоғамында адамдар арасындағы өзара қатынас орнығады. Олар сананың негізгі пәнділігі ретінде көрсетіледі. Шығыста қалыптасқан рулық, тайпалық байланыстардың мәні осымен түсіндіріледі. Бұл осы күнде де халық санасында көненің көзіндей сақталып, заттандырылып, идеологиялық қатынаста әр түрлі кереғарлық туғызып отыр.

Абай Шығыста Батысқа қарағанда өркениеттің рухани жағы елеулі қажеттілікпен жүзеге асатынын айқын сезінді. Мұның дәлелі Шығыс өркениетінде қоғамның экономикалық та, саяси да қырлары осы мәдениеттің рухани құрылымы атқарып отырған материалдық саладағы қызметінен басқа, тарихи жадтың сақтаушысы және жеткізушісі қызметін жасай алмайды. Ол тарихи тәжірибені үнемі жаңғыртып, үлгі-өнегені қалыптастырады, мәдени мұраның тұтас көрінісі болып табылады. Рухани дүние әлеуметтік істерге бағыт-бағдар жасайды.

Осының негізінде Шығыс өркениеті Батыс өмір салтымен үндеспейтін Шығыс қоғамының өзіндік, тәуелсіз дәстүрін қалыптастырады. Ол рухани ұғымнан әрі асып, теңдікті, өзіне тән ерекшелікті, дербестікті баянды ету негізінде халықаралық құқықтық реттеуші қатынасқа белсенді әсер етеді, халықаралық және ұлттық қауымдастықтар қызметінің нормасына айналады.

Бұл Абай дүниетанымына терең ұлттық бағдар тән екенін көрсетеді және ол қазақтың философиялық бағыт-бағдарына негіз жасады. Абайды таптық тұрғыдан зерттеген көлемді

енбектерде (ол ірі феодалдың ұрпағы екенін ұмытпауымыз керек) оның дүниетанымы орысша біліміне байланыстырылды, сонымен бірге оның философиясының шығыстық және ұлттық жақтары жоққа шығарылды, ал батыс еуропалық бастаулары асыра дәріптелді. Ойшыл еуроцентристік бағыттағы теориялардың жалпы әлемдік тұрғыда әмбебап емес екендігін айқын сезінді. Осыдан даму формаларының көп түрлілігі, эволюциялық даму жолдарының плюрализмі жайлы ой туындайды, яғни өркениет Шығыста да, Батыста да әр түрлі жолдармен қалыптасады. Бұл даралық дағдылықтан бас тарту қоғам дамуының әр түрлі даму мүмкіндіктерінен, оның алуандығынан хабардар етеді, яғни Шығыс қоғамының өз мәдениеті мен философиясынан көрініс тапқан өзіндік тәуелсіз тарихын көрсетеді.

Соңғы уақыттағы елеулі өзгерістердің бірі – философиялық ойдағы ұзақ уақыт бойы басым болған еуроцентристіктен арылу. Шығыс философиясында сапалы білім жүйесі болмады, сондықтан оған пессимизм, енжарлық иррационализм, тағы сол сияқты кемшіліктер тән болды деген. Шығыс философиясының енжарлығы және инерттілігі жайлы Гегельдің Батыс философиясын көтермелей, оның Шығыс философиясына қарағанда жоғары үлгідегі философиялық ағым ретінде толықтырған тұжырымдамасынан еуроцентристік мейлінше айқын көрінеді. Екінші жағынан Шығыс халықтары отаршылдықпен күрес жолында «мәдени империализмге» қарсылық жасаудың әр түрлі әдістерін дүниеге келтірді, бұл Шығыс идеологиясының әр түрлі варианттарынан көрініс тапты.

Абай қытай, үнді және араб – мұсылмандық бағытта дамыған үш тәуелсіз Шығыс философиясына айрықша назар аударды. Шығыста да рационализмнің, материализмнің, экстраверттіктің, белсенділіктің, т.б. әр алуан нұсқалары бартын-ды, бұл еуроцентристік тұжырымдаманы айтарлықтай әлсіретті. Мұның негізі Шығыс философиясында анық айқындалған философия нұсқасы болмады, сондықтан да оған жаңа еуропалық философиялық ойлау әдістерінен алынған өлшемдерді қолдану мүмкін емес.

Егер анағұрлым жалпы тұрғыда алып қарасақ, философия бүкіл адамзат мәдениетінің түбегейлі негіздері мен оның

дүниетанымдық ұғымдарын зерделі ой елегінен өткізу болып табылады. Сондықтан да философия барлық адамдар үшін міндетті емес, тек адамның қызметін қалыптастыратын дүниетаным ұғымдарын білу ғана жалпыға бірдей қажетті. Философия мәдениет дағдарысқа ұшырап, оған баға беру әдістері қажет болған кезде ғана керек. Ал, салыстыра қарағанда баяу дамитын қоғамға философиялық пайымдау емес, кең ауқымды, дүниетанымдық формадағы философиялық пайым тән. Қазақ қоғамы осындайға жатады.

Бұл әдіс сондықтан Шығысқа тән, мұнда орта ғасырда пайда болып мамандық ретінде қалыптасқан философиялық пайымдаудың университеттік түрі болған жоқ. Философия дүниетанымдық негіздерді пайымдағанда жаңа мәндерді туғызады, бұл ұғымдарды бейсаналылықтан бөліп алады, философиялық ұғымдар мен категориялардың жіктерін ашады.

Алайда Шығыста философиялық емес қалыптағы зерделеудің басым болуына байланысты, бұл ұғымдар әдетте көркем және діни тақырыптағы туындыларда көрініс тапты. Абайдың халық фольклорына, қазақтардың аңыз-дастандарына, мұсылман әдебиетіне, араб және парсы, түрік поэзиясына баса назар аударуын осымен түсіндіруге болады. Ойшылдың орыс, араб, парсы және түрік тілдерін жетік білуі адамгершілік рухымен нұрланған әр алуан мәдениеттердің болмысын және оның дамуын тануға мүмкіндік берді.

Абайдың шыққан ортасының өзі-ақ халық даналығының қонған жері еді. Әжесі Зере оның бойына туған жерге деген сүйіспеншілік рухын екті. Оның атасы Өскенбай небір шиеленіскен дауды шешетін әділетті, дана би еді. Әкесі Құнанбай қазақтың алыс руларына да беделі мен ықпалы жүретін, дау-жанжалды шешу үшін қиырдан оның алдына адамдар келіп жүгінетін. Ол ұдайы Қарқаралы округінің аға сұлтаны болып сайланатын. Сол жерде мешіт салдырып, шафқат, адамгершілік және әділеттілік үшін белсенді қызмет жасады.

Әкесі баласының рухани толысып жетілуіне зор ықпал етті. Ол Абайға халықтық сөз мәдениетін үйретіп, оны саяси шешендік шеберлігіне баулыды. Қазақтардың әкімшілік, заң, құқық,

ел қорғау, азаматтық норма, салық, діни танымы көрініс тапқан «Жеті жарғының» маңызы зор. Құнанбай бұл заң жарғысының қағидаларын қатаң сақтады, зинақорлық пен азғындық үшін өлім жазасына дейін қолданды. Таптық қағидаларды ұстанған бұрынғы кеңес әдебиеті мұны бай-феодалдың өктемдігі деп көрсетіп, оның әрекетінің нақты мәнін бұрмалады. Егер Құнанбайдың христиан дінін қабылдағандардың мүлкін тәркілегенін, ата-анасын сыйламағандарды қатты жазаға кескізгенін ескерер болсақ, онда оның әрекеттерін теріс бағалауға осылар-ақ жеткілікті еді.

Ал, Құнанбай Меккеге қажылық сапармен барып, онда өз жерлестері үшін қазір де мейманхана болып отырған керуен сарай салдырды. Осының бәрі аға сұлтанды қатігез, әділетсіз билеуші ретінде көрсетуді теріске шығаруға тиіс. Абайға әкесімен қатар халықтың рухани қазынасынан сусындауда анасы Ұлжанның да ықпалы зор болды. Оның нағашысы атақты би Бертіс еді. Онан туған Қонтай, Тонтай елге өздерінің өткір қалжындарымен, уытты тілдерімен танымал болған. Ана тәрбиесі Абайды әйел баласын сыйлауға үйретті. Ақын шығармасындағы мол орын алған махаббат, әйел жаны, сұлу сипаты, сүйкімді қылығын тілге тиек еткен жыр жолдары әйел затын адалдық пен тазалықтың, сенімнің бастауы ретінде ғасырлар бойы жырлаған халық шығармашылығына негізделді. Осыны көкейде сақтап, жүрегімен түсінуде анасының ықпалы болды.

Қазақ әйелдері бет перде кимеді, олар кейбір жағдайда қоғамдық дәрежеде ерлермен қатар тұрды. Ұлжан баласының бойына қалың малға, көп әйел алушылыққа жирене қарауды сіңірді. Ұлжан Құнанбайдың төрт әйелінің бірі еді, бұл әйел теңсіздігінің белгісі, тағдырына салынған таңба еді. Абайдың терең де жан-жақты білімдар болуына туғандары мен жақындарының сан алуан халық мәдениетін жетік білгендері әсер етті.

Абай алғаш ауылда, кейіннен Ахмед-Риза медресесінде оқып, жақсы білім алды, оның үстіне үш ай орыс (приходская школа) мектебінде оқыды. Руаралық дала саясаты оны да өзіне тартпай қоймады, ол әкесінің әкімшілік ісіне көмекші болды, қазақтың басқа зиялылары сияқты Ресей қалаларында (Омбы, Орынбор) оқыды. Осыдан кейін араб, орыс, парсы тілдерін үйреніп, Шығыс

және Батыс мәдениетінің негіздерін бойына сіңіре бастайды да, өмір бойы өз бетімен оқып, білімін жетілдіреді.

Абай өте жас кезінен бастап-ақ көрнекті қоғам қайраткері болып қалыптасты. Әлихан Бөкейханов былай деп жазды: «Жиырма жасқа келгенде Абай бірінші шешен, халық өмірінің, заң дәстүрінің білгірі деген атаққа ие болды. Ол көптеген қазақ даласының атақты билерінің әр түрлі дауларға билік сөздерін жақсы білді. Өзінің білуге деген ынтасы мен ғаламат еске ұстау қабілетінің арқасында қырғыз даласының даналары дүниеге әкелген халық аңыздары, мақал-мәтелдері, афоризмдері мен ертегілерін аса көп білді».

Абай тұлғасы қазақ халқының дамуында көп ғасырлық желіні жалғастырды, одан мәндестік жұбын, рухани байланыстарды, осы халық үшін әрқилы уақыт кеңістігінде топтастырушылық қасиетін көреміз.

Бұл желіде фольклордан басқа жазба ескерткіштер, кітаптар болды. Олардың ішінде Мухаммед ибн Қайсаның «Үлкен кітабы», Хусам ад-Дин Барчынлығының шығармалары, Қадырғали Жалайридің «Жами ат-Тауарих», Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» атты еңбектері белгілі. Осы қатардан адам болмысының диалектикасы мен зерде жайлы, ғылымдар жүйесі мен әлеуметтік этика туралы Әл-Фарабидің еңбектері орын алды. Ж. Баласағұнның ел басқару, білікті билік, игілікті өмір, таным қазынасы жайлы «Құтты білік» кітабын, түрік мәдениетінің болмыс категориясы жүйеленген «Диуан лугат ат-түрік» атты этникалық терминдердің негіздерін жасаған Махмұд Қашқари еңбегін атап өткен жөн. Қоғамдағы әлеуметтік тұрмыс қателігін, ондағы дағдарыс пен тақуалықтың мәнін анықтаған Қожа Ахмет Иассаuidің «Диуани Хикмет» даналық кітабы Абай санасында терең із қалдырған және өзінің саналы өмірінде қолданған рухани қазынасы еді.

## **2. Әлеуметтік философияның дүниетанымдық негіздері**

Дүниетаным – ақиқатты рухани қажетті игеру жүйесі, оның ішінде тұтастай алғанда адамдардың білімі мен наным, ар-

ұждан мұраттары мен әлеуметтік құлықтың реттеушісі, саяси бағыт-бағдар, қоршаған ортаға психологиялық және эстетикалық көзқарас. Дүниені танып-білу нәтижелері «дүниетаным» ұғымында бейнеленеді, бұл – жеке адам үшін өзінің қоғамдағы орны жайлы ұғымдардың жиынтығы, сана-сезім қалпы, дүниені біртұтас ретінде түсіну нәтижесі. Абай дүниетанымының қалыптасуын қазақ, шығыс және батыс мәдениеттері біртұтас дүние ретінде байытты, бұл оған жалпы адамзаттық құндылықтарға меңзеген жаңа қазақ мәдениетінің шыңы болуға жағдай жасады.

Егер классик дүниетанымының негізі халық мәдениетті болса, одан ақынның көзқарасы, ар-ождан мұраты, саяси мақсаты осыдан нәр алды, ал Шығыс мәдениеті оның дүниетанымын адамның өзін-өзі танып-білуімен, айналадағы ортаға эстетикалық көзқараспен толықтырды. Өйткені, Шығыс мәдениетінде лирикаға, философиялық моральға, махаббатқа айрықша мән беріледі.

Еуропа мәдениеті мен қоғам дамуына жол ашатын жеке адам білімінің маңызын түсіну үшін Абай поэзия және философия тек кедей ақындар мен бақыстардың ғана еншісіне тиген дүние емес екенін, өркениетті дүниеде оның аса қадір-қасиетке ие болатынын білді. Ә. Бөкейханов былай деп атап көрсетті: «Орыс әдебиетімен таныстық Абайға әсер еткендігі сонша, ол өз бойынан қырғыз ақынын тауып және қырғыз қоғамдық істерінен қол үзіп, өзінің уақытын оқу мен өлең шығаруға арнады».

Абай дүниетанымы – түбірінен жаңа дүниетаным. Ол қазақтардың рухани құндылықтарын сындарлы ой елегінен өткізіп, олардың көбі уақыт талабына сай еместігін, қоғам талабынан шыға алмайтынын, халықтың өсіп-өркендеуіне, дамуына ықпал етпейтінін байқады. Ауылдың тұйық, мешеу тіршілігі жанын жай таптырмады, надандық, дау-жанжал, қызғаныш, өсек, парықсыздық елді жайлаған ауыр дерт осындай еді. Тіпті ол өзінің туған ауылы жайлы былай ой толғайды: «Ел бүлігі Тобықты көп пысыққа молықты. Малдының малын көре алмай, Борышын түгел бере алмай, Көрінгенге обықты». Ол масылдық пен надандықты, еріншектік пен жалқаулықты жойып, еңбекпен халқын сүюге баулуды ұлы мақсат етіп қойды.

«Қара сөздерінде» Абай былай деп жазды: «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі – жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді?... Ол ауылдан бұл ауылға, жұмыссыз қаңғып жүруге құмар». Еңбексіздік адам баласын тоздырады, еңбек – береке бастауы, ал еңбек сүйгіштік – қайратты адамның ең басты қасиеті.

Қазақ қоғамын түбірінен қайта құру бағдарламасында Абай ерікке, жігерге үлкен мән беріп, былай дейді:

Жүреkte қайрат болмаса,  
Ұйықтаған ойды кім түрпек?  
Ақылға сәуле қонбаса,  
Хайуанша жүріп күнелтпек.

Жігер, ерік адамдарда тек қана билік алам деген мақсатта емес, ол ең алдымен өзінің жұмысына, қызметіне өте керек қасиет ретінде өз салаларында маман кәсіпқой болуға жетелейді. Ерік күші жұмысында, адамның ісінде, еңбегінің нәтижелерінде көрініс табады. Абай кейбір қазақтардың жарамсыз қасиеттерін анықтап, олардың түпкі тамырларын ашып көрсеткен («...ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз болады, әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді, әрбір мақтаншақ қорқақ ақылсыз, надан келеді, әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады»).

Қазақтардың жиі кездесетін жалқаулығымен барынша күресіп, Абай егіншілікке, саудаға, қолөнерге, ғылымға, білімге үгіттеді. Тек қана малмен айналыспау керектігін, малды көбейтемін деп жүрген қазақтарға басқа салаларда да еңбек етуге болатынын әбден дәлелдеген. «Құдай тағала саған еңбек қылып, мал табарлық қуат берді... Ол қуатты орнын тауып сарып қыларды білерлік ғылым берді, оны оқымайсың... Сенікі біреуден қорқытып алсаң болғаны, іздегенің – сол».

Осы қасиеттердің арқасында кейбір қазақтарда тіленшілік, абыройын, арын сату көбейіп кеткен. Олардан арылу үшін көп жұмыс істеу керек. Саналы еңбек халықтың моральдық

жағынан өсіп-жетілуіне қол жеткізеді. Адамның отбасына, ұрпақ тәрбиесіне, ата-ана борышын өтеуге деген көзқарасы өзгереді, азаматтық жауапкершілік артады. Жалқаулыққа бой алдырған жан жақсы әке бола алмайды, бала тәрбиелеп, отбасы берекесін кіргізбейді. Абай өзі өнегелі ұрпақ тәрбиелеген жан, бірақ оның ғұмыры ұзақ болмады. Ақын «Әбдірахман өліміне» атты өлеңінде былай деп толғады:

Талаптың мініп тұлпарын,  
Тас қияға өрледің.  
Бір ғылым еді іңкәрін,  
Өр қиынға сермедің.  
Көзінді салдың тұрғыға,  
Бейнетін қиын көрмедің,  
Бірге оқыған құрбыға  
Бас бәйгені бермедің.  
Бала болдың, жас болдың –  
Жалғандыққа ермедің.  
Төре болдың, бас болдың –  
Көкірегінді кермедің.

Абай өз уақытынан қара үзіп алға кетті. Ол әйелді отбасының тірегі ретінде жырлады. Оның сүйіспеншілікті, ғашықтықты, қыз сипатын жырлаған өлеңдері бүкіл қазақ даласына таралды. Жастардың ғашықтық хатында Абай сөздері мен өлеңдері жүрді.

Оның этика, эстетика және лирика тақырыбындағы жырлары өзіне дейінгілер көз жеткізе алмаған әлеуметтік-мәдени биікке көтерілді. Оның негізгі мақсаты – адамды тұлғалау. Ол біз үшін қазақтың ұлттық мәдениетін жаңа биіктерге көтеру жолында бар мүмкіндігі мен күш-қуатын сарп еткен ғұлама күрескер болып қана қала берді. Шынайы өмір талқысы қаншама ауыр болса да, Абай адамды биікке көтерді, оны толық адам дәрежесіне жеткізуді мақсат етті. Абайдың дүниестанымдында әр алуан мәдениеттердің қабысуы, олардың өзара бірігіп байланысуы, ой толғамының байлығы мен биік деңгейі оны әлемдік өркениеттің жоғары шыңына көтерілуіне негіз жасады.

Абай философиясының әлеуметтік-мәдени және дүниетанымдық негіздерін ашып көрсету – біздің міндет. Онда таным,

этика және эстетикадан басқа дүниені тәжірибелік тұрғыда танып-білуге ұмтылысы бар. Философия дүниетанымның ұғымдық, категориялық деңгейдегі өзегі болып табылады, сондықтан ол – дүниетанымның аса жоғары, анағұрлым теориялық түрі. Философиялық тұрғыда дүниетаным әрқашан адам тіршілігінің түпкі негіздерін пайымдауға, дүниенің қалыптасу қалпының ортақ байланыстарын, болмыстың абсолюттік шегін айқындауға бағытталған.

Адам өзінің әлеуметтік дағдысын тірек етеді, өмірден және жалпы тіршілік дүниесінен өзінің орнын іздейді, сондықтан дүниетанымның басты категориялары адам мен дүние болып табылады. Бұған танымнан басқа түсіну, адамдардың өзара қатынасы, ұғындыру, мәдени-тарихи жағдай және басқа ақиқатты рухани тәжірибелік тұрғыда танып-білу формалары енеді.

Өмір қарекетінің тәжірибелік қалыптарын зерттеу Абайдың өз халқының «жан жүрегі» болғанын дәлелдейді. Сондықтан ол қазақтардың мұқтаждығы мен күйзелісін жанына жақын қабылдап, олардың мұң-зарын жүрегімен түсінді. Оның өзіне өзі былай деп сұрақ қоюы тегін емес: «Осы мен өзім қазақпын, қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді. Уа, әрнешік бойларынан адам жақсы көрерлік, я көңілге тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді». Ол өз халқының «өксіп туып, өкініп өлетін» бақытсыз тағдырын терең түсінді. Олар бақытты өмірді көре алмайды, бірін-бірі түрткілеп, өз өмірлерін ит қорлықта өткізеді, тіптен өз ғұмырларының қадірін сусыған топырақтай немесе шірік арқандай да көрмейді, бүкіл өмірін жылаумен өткізеді.

Осының бәрін көре отырып, Абай былай деп жазды: «Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпейді, бойды шымырлатып, буынды құрытып, я көзден жас болып ағады. Бұл қайғы-қасіреті арылмаған қазақтар құдайдан жас балаша қайғысыз өмір кешуді тілейтін-ді. Ауыр өмір біздің тіршілігіміздің мәнсіздігін мойындауға мәжбүр етеді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай баркылдап, ауладағы боқтықтан ұзамадық...

ешнәрсеге өкінішпен қарамадық, көңіл айтып тұрса сенбедік. Ал сондықтан да біздің хайуаннан айырмашылығымыз жоқ сияқты».

Ғұмырының соңында бүкіл өмірді жалған деп ой түйген Абай: «Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық?.. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлі-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз».

Абай қазақ этносының қоғамдық топтарының, жіктерінің сіңірі шыққан кедейлерінен бастап байлары мен билерге, төрелерге дейін барлығының ұлттық психологиясын, өмірін терең зерттеді. Қазақтың халін көріп қатты ойланған ақын былай деп жырлайды:

Адам бір боқ көтерген боқтың қабы,  
Боқтан сасық боласың өлсең тағы.  
Менімен сен тең бе деп мақтанасың,  
Білімсіздік белгісі – ол баяғы.

Кедей өзінің бейшаралығы жайлы осылай айтыпты. Өзіне-өзі ол осындай сұрақ қояды. Өмірінде ешқандай қуаныш көрмеген, бүкіл өмірін ақтаусыз еңбекпен өткізіп, ештеңе таппаған адамға бай мен биге қызғанышпен қараудан басқа ештеңе қалмайды. Олар ауыр еңбек істемесе де жақсы өмір сүреді. Егер ол бейшараның бүкіл ғұмыры тағдыр азабында өтсе, өмірден қатыгездікпен дөрекіліктен басқа не күтеді. Бүкіл өмірін төменшіктеп, басын иіп өткізген адам не үшін өмір сүргенін білмей кетеді, жазмыштан озмыш жоқ деген ойды мойындап, фаталист болады.

Халықтың көпшілігіне тән осы қасірет біртұтас халықтың жік-жік болып бөлінуіне әкеледі. Абай айтады: «Көңілім дайын тұр ғой, жайып кенін, дұшпандығың қатайған шығар сенің. Егер менің ішімді жарып көрсең, Жылауынды ұмытып, шошыр едің».

Аймақтың экономикалық артта қалуы халықты әбден қайыршыландырды, жиі болып тұратын жұт пен аштық халықты құрып кету шегіне жеткізді. Байлар мен билер және старшиндер, болыстар мен ауқатты рулар ауыр жылдары қалың көпшіліктен

іргесін аулақ салды, қайырым жасамады. Мүліктік жағдайына байланысты халықтың әр түрлі жіктерге бөлінуі әр алуан мақсат-мүдделерді, қажеттіліктерді туғызды. Бұдан парақорлық, қылмыс, байлар мен ірі феодалдар арасында қырқыс-тартыстар пайда болды. Абай мұның әлеуметтік мәнісін жақсы түсінді. Өйткені, ол аға-сұлтанның ұлы ретінде алуан дауларға катысты, әкесі талай рет оған болыс бол деп кенес берді, бірақ Абай одан бас тартты, себебі ол жергілікті атқамінерлердің тобына қосылғысы келмеді.

Қаналушы топтарды жақтаушы адам ретінде ол өмірге әділеттік қағидаларын енгізбекші болды. Болыс болу қолынан келер еді, бірақ сайлау ісіндегі парақорлық оны жирендірді. Абай айтқан: «Болыс пен биді құрметтейін десен, құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ». Оның алдында әлеуметтік-мәдени таңдау тұрды. Ол үнемі әлсізге ара түсуге, қорғансызды қорғауға дайын тұрды, бірақ оған шенқұмарлық, жағымпаздық, зорлық арқылы жүргізілетін ресми қызмет жиренішті болды, одан бойын аулақ салды. Оның осы ұстанған мақсат-мүддесі оны жанталаса билікке ұмтылып, оған қолы жеткеннен кейін халықтың қанын сора бастаған өз туыстары Тәкежан мен Майбасардан мүлде бөлектеп, оқшауландырып тұрды. Жағымпаздық пен жарамсақтық жайлаған қазақ қауымы әр алуан жіктерге бөлінді. Олар бір-біріне сенбей өзара жауығып, күйкі мақсаттарын көздеді. Бұлайша халықтың жік-жік болып бөлінуі жанына батқан Абай былай деп тебіренді:

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,  
Алдамаған кім қалды тірі жанда?  
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,  
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.

Әр түрлі әлеуметтік топтардың қылықтарына баға бере отырып, ол былай деп жазды:

Байлар да мал қызығын көре алмай жүр,  
Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр.  
Сабылтып, күнде ұрлатып, із жоғалтып,  
Ызаменен ыржиып күле алмай жүр.

Билер мен қазылар, болыстар мен соттар паракорлыққа бейім. Ірі барымта дауына байланысты Абайдың қазылық сотында Тәкежан мен Майбасар өздерінің туысы екенін желеу етіп, мүдделі екі жақтан да ондаған жылқы пара алғандары мәлім. Абай малды қайтарып беріңдер дегенде, олар малды қайтарудан жалтарып баққан. Осының өзі-ақ сот ісінен және билер арасындағы жайдан хабардар етіп, олардың бет-бейнесін көрсетсе керек-ті.

Естілер де ісіне қуанбай жүр,  
Ел азды деп надандар мұнаймай жүр.  
Ала жылан, ап бақа күпілдектер,  
Кісі екен деп үлкеннен ұялмай жүр.

Әрбір әлеуметтік топқа Абай айқын және бейнелі мінездеме беріп, байлар мен кедейлердің, көпестер мен соттардың, старшиндер мен билердің мүдделерін, олардың мәнін терең түсінетінін көрсетті.

Жалпы экономикалық мешеулік, өндірістің «азиялық» әдісіне сүйенген экономикадан тыс қатынастардың басымдылығы, қоғам тіршілігінің саяси жақтарының үстемдігі, адамдардың азғындауы, қоғамның моральдық жағынан саралануын туғызды. Ақын жырларынан мынаны байқаймыз:

Қарындас қара жерге тыға алмай жүр,  
Бірінің бірі сөзін құп алмай жүр,  
Құда-тамыр, дос-жаран, катын-балаң –  
Олар да бірқалыпты бола алмай жүр.

Бір күшті көп тентекті жыға алмай жүр,  
Іпте жалын дерт болып, шыға алмай жүр.  
Арақ ішкен, мас болған жұрттың бәрі,  
Не пайда, не залалды біле алмай жүр.

Жаппай азғындаудың көрінісі Абай жырларымен одан әрі ашыла түседі.

Жетіліп жаз жайлауға қона алмай жүр,  
Күз күзеу де жанжалсыз бола алмай жүр.

Қыс қыстауың – қып-қызыл ол бір пәле,  
Оралып ешбір шаруа оңалмай жүр.

Жасы кіші үлкеннен ұятмай жүр,  
Сұрамсақтар нәпсісін тыя алмай жүр.  
Сәлем – борыш, сөз – құлық болғаннан соң,  
Қандай жан сырттан сөз боп сыналмай жүр?.

Әлеуметтік қасіреттің негізі адал да арлы еңбек ету мүмкіндігінің жоқтығында еді. Қазақ қоғамының етек басқан жымысқы әрекетіне, дау-жанжал жайлаған сұрықсыз тіршілігіне, ұрлық пен баюды ойлаған елдің бұзық құлқына Абай жанталаса қарсы тұрды.

«Осы елдің үнемі қылып жүргені немене?» деген сұрақты қойған Абай тікелей оған жауап қайтарды: «Екі нәрсе, әуелі – ұрлық, ұры ұрлықпен мал табам деп жүр, Мал иесі артылып алып тағы да байимын деп жүр. Ұлықтар алып берем деп, даугерді жеп, құтқарам деп ұрыны жеп жүр».

Осы елді жайлап алған ұрлық негізінде біріне бірі жала жабу, аяқтан шалу, күйе жағу сияқты толып жатқан мансап пен байлыққа ұмтылған қорқаулық істер етек жайды. «Қарапайым халық ұрлық айтып мал алам деп, ұрыға атымды сатып «пайдаланам» деп, не өткізбесін арзанға түсіріп алам деп жүр. Екінші – бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып, бүйтсең бек боласың, бүйтсең көп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанасың деп ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр».

Білімсіз аңғал жұрт істің байыбына бармай, ақылшылардың арасында басы қатып, бір партиядан екінші партияға ауып, еш жерден әлеуметтік әділеттілік таппайды. Ақырында олар ақ жолдан мүлдем адасып, көңілдеріндегі сабыр мен сенімнен айырылады. «Қара халық менің сонша үйім бар, сонша ауыр таяғыңды соғайын, дауыңды айтайын деп, қай көп бергенге партиялас боламын деп, құдайға жазып, жатпай-тұрмай салып жүріп, ауылын, қатынын, баласын сатып жүр». Енді ешкім адал еңбекпен мал тапқысы жоқ, азып-тозып күндерін уайымсыздықта өткізуде.

Абай өз заманындағы қоғамның мерездерін аяусыз ашып және оларды жоюдың жолдарын көрсетті. Билік иелері қарапайым

халықты тыңдамайды, себебі өздерін тектіміз деп ойлайды. Бұл дерттер бүгінгі күнде де орын алып отыр. «Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, адамдық, ақыл, білім – ешнәрсе малдан қымбат демейді... Оның діні, құдайы, халқы, білімі, ұяты, ары жақыны, бәрі – мал». Олар барлығына пайдасын ойлап қарайды, олар үшін адалдық пен қадір-қасиеттің, достық пен махаббаттың, сенім мен мейірім-шапағаттың мәні жоқ. Олардан мырзалық күтуге де болмайды. Абай өмір бойы салауатты және жаны таза жандарды құрметтеп, олардың жан-дүниесінің байлығын жырына арқау етті.

Сезімпаз көңіл,  
Жылы жүрек  
Таппадым деп түңілмес.  
Бір тәуір дос,  
Тым-ақ керек,  
Ой мен тілі бөлінбес.

Кедей адамдардың ішінде қайырымды, мейірбан адамдардың көп болатын себебі, олардың тобы да көп. Көбінесе кедейдің қоғамның төменгі сатысында қалу себебі – олар оқығысы келмейді, жалқау. Олар тіршілік істейміз деп бас ауыртпайды. Өздерін наданбыз деп төменшіктейді. Өз өмірлерін болмайтын іспен өткізіп, күндерін өсек-аяңмен қысқартады. Ғұмырларының нағыз қызық уақытын «ит тірлікпен» өткізеді, қартайған соң өкінеді. Әдетте мұндай адамдар топас, жұмыс істегілері келмейді, жаңалыққа талпынбайды, өнер үйренуге тырыспайды, өмірлерін мәнсіз ырду-дырдуға арнайды. Байлардың да барлығы сараң емес, олардың ішінде де іскер, еңбексүйгіш адамдар бар, олар бақ-дәулетті де еңбекқорлықпен ұштастырады.

Өз халқының болашағы мен тағдырын терең ойлап, толғанған Абай былай деп жазды: «Осы күнде жер жүзінде екі мың миллионнан көп артық адам бар, екі миллион қазақ бар, қазақ ортасында да ұрлық, өтірік, өсек, қастық қылып, өнерді, малды, түзден бөтен жаққа түзу жолмен іздеп, өрістерлік күн бар ма екен? Әй, не болсын!». Бұл сөздерден халықтың жарқын болашағына

деген үміт, қоғамның дамуы мен әлеуметтік жаңғыруға білім, парасат, еңбек пен талап арқасында жететіндігіне сенім бар.

Халық тағдырын терең түсіну – Абайдың мыңдаған адамдармен тығыз араласуында. Осының барысында достық пен қастық, ынтымақ пен жауығу, құрметтеу мен жирену, сүю мен жек көру сезімдері қатар жүрді. Басқа адамдар арқылы ол басқа әлемді, дүниенің басқа бейнесін, басқа мәдениетті таныды. Субъектілік-объектілік қарым-қатынас арқылы тануға үйренген философия тұрғысынан қарағанда, мұнда басқа субъект-субъектілік қарым-қатынас туады, ол басқа адамды түсіну қалпын түйіндейді. Бұл жағдайда осындай ой адам арақатынасының бойына сіңіріліп, онда ғылыми танымдағыдай жалпыға ортақ және қажетті сипаттар болмаса да, оның артықшылығы – тікелей тіршілікте қолданылуы мен өміршеңдігінде. Өзара адамдық қарым-қатынас арқылы адам өзгенің рухани өмірін түсініп, өзіндік «дүние бейнесін» анықтайды.

Өзара адамдық қарым-қатынас негізінде сана-сезім қалыптасады. Адамдар арасындағы қатынас – адам дүниетанымының негіздері, оның дүниедегі орны айқындалатын, сана-сезім қалыптасатын маңызды сала. Басқа адамның ішкі дүниесін тану, оның ішкі сырын түсіну, өз ортасында бағыт-бағдарын белгілеу әдісін, мінез-құлық қалыптарын түсіну адам дүниетанымының қалыптасу негізі болып табылады.

Бұл жерде жеке тұлғаның мәнді өзегі оның рухани негізі қалыптасады. Адамдар арасындағы қайшылықты қарым-қатынаста біреудің мұң-қайғысына ортақтасу құндылықтары пайда болады. Бұл кейін рухани деңгейдегі өзара қарым-қатынасқа дейін өсіп жетіледі, өзара ілтипат негізінде Махаббат сезіміне ұласады. Бұл басқа жанның өзіндік бірегей қасиетін түсінуге, терең мән ашуға итермелейді.

Абай жас кезінен дала әмірінің соқтықпалы соқпағында өскендіктен, адамдар арасындағы қатынастың мәнін терең түсінді. Бұл күрделі және қиын істе ол түсінбес нәрсе болған жоқ, өйткені жас кезінен-ақ әкесіне әр түрлі шытырман істерді анықтап, шешуге көмектесті. Сол кездің өзінде-ақ адамдар арасындағы шым-

шытырық қатынас сезімдік тәжірибеден, өмірлік шындық пен адамдар тарихынан тұратынын түсінген еді. Мұнда қажеттілік пен себептердің алар орны айтарлықтай, әлеуметтік және имандылық құндылықтар айқындалады, нақты адамдарға тікелей қатысты практикалық сана әрекет етеді.

Қазақтардың ұжымдық санасы олардың болмысқа жақындығымен, өмірдің шындығына байланыстылығымен белгіленді. Ақын айтқандай: «Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, күреске түскен балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады».

Өмір соқпағында Абай рулық, тайпалық, этникалық сананың биікке көтерілген сана-сезімін тапты...

«Сонда мен ойлаушы едім: ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп, әлгі айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып күлуші едім». Әйткенмен, Абай мұның теріс нәрсе екенін тез ұғынып, басқа халықтардың жақсы жақтарын мойындағанды, қабыл алуды ләзім санады. Бұл өз этносының мұқтажын жалпыадамзаттық тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік берді, әр халықтың артықшылығына баса зейін қойды.

Осы адамдар арасындағы қарым-қатынаста Абай адамның қатыгездігімен бетпе-бет келді. Бұл орайда күйкі пиғылды тоғышарлықтан, ашкөз дүниесқоңыздан, паракорлықтан, әлсізге әлім-жеттік жасап, жайылымын, шабындығын тартып алған зорлық-зомбылықтан жиренді, жек көрініш сезімі пайда болды. Адамдар арасындағы қатынас Абайдың табиғи сергек сезіміне қозғау салып, өмірдің алуан қырларын тез түсініп, сезінуге көмектесті. Нақты өмір шындығынан ол адамның іс-әрекетінің идеялары мен мәдени мәнін тапты. Ойшылдың мәдени көкжиегінің кеңеюі, оның әлсіздер мен ғәріптердің қамын жеген адамшылық қайнарының ашылуына игі ықпал етті.

Абай үшін адамдық арақатынас өмірдің әр алуан қырларын танып-білуге жол ашты және болып жатқан құбылыстар мен процестерге деген өзіндік көзқарасын қалыптастырды. Біртіндеп оның дүниетанымдық бағыт-нысаны айқындалып, нәтижесінде

ол даладағы әділетсіз талас-тартыстың әлеуметтік мәні мен жолдарын ашуға көмектесті. Қоғамның қалыптасып келе жатқан әр түрлі топтарымен етене араласу әлеуметтік күрестің мәні мен мағынасын түсінуге, халықтың әрбір тобының сол ортадағы мүддесі, орны мен талап-тілегін білуге мүмкіндік берді.

Абай өзінің өлеңдерімен, нақыл, өсиет, қара сөздерімен халықты басқа елдермен ынтымақта өмір сүруге, тыныштықта болуға шақырды.

Берекелі болса ел –  
Жағасы жайлау ол бір көл...  
Берекесі кеткен ел –  
Су ашыған батпақ көл...  
Берекеңді қашырма,  
Ел тыныш болса, жақсы сол...

Ол екінші «қара сөздерінде» өзбектермен, татарлармен, орыстармен қарым-қатынас принципін негіздеп, олардың өмір салттарынан қазақтар үйренерлік жақсы жақтарын көрсетті.

Осы сан-салалы арақатынас аясында Абай еркіндікке, бостандыққа деген сүйіспеншілік, елдің жаңаруын ансау, өмір құқықтарын аңартуға ұмтылыс сезімдерін қалыптастырды. Көптеген қоғамдық істерге өзі тікелей қатыса отырып, өзінің көрген-білгендерін өз шығармасына арқау етті. Халық өмірінің алуан бояулы бейнесін жасады. Ол құдіретті сөздерін негізінен жастарға арнады, себебі қарттардың арасында хакімнің ойларын ұғатындар кемде-кем еді.

Көкірегі сезімді, тілі орамды,  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.  
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,  
Көңілінің көзі ашық сергегі үшін.

Ойшыл ақын тарығу мен қасаң салттардан қол үзе алатын жастарға үміт арта сөйледі.

Абай медресемен және орыс мектебімен шектеліп қалып, одан әрі оқи алмағанына үнемі өкінді. Ол оқуын ары жалғас-

тыруды армандады. Көптеген қазақ балаларының Омбы кадет корпусында және басқа да Ресей оқу орындарында оқығаны мәлім. Әйткенмен оны әкесі өз қасына алдырып, жасынан руаралық дау-жанжалға араластырды. Ақын өз өкінішін жыр жолына былайша түсірген еді:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре тұра тексермедім.  
Ер жеткен соң түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Ол жастарға көп көңіл бөліп, әдеби үйірме ұйымдастырды. Оған Көкбай, Мұқа, Ақылбай, Мағауия сияқты өнер сүйгіш жастар топтасты, олар білімдерін жетілдірумен айналысты, білгендерін бөлісті. Абай ұсынған тақырыптарға прозалық және поэзиялық шығармалар жазды.

Бір ниеттес жандармен араласу Абайды халыққа қызмет ету мұратының ортақтығына жеткізді. Қоғам алдындағы борышты риясыз сезіну дала феодалдарының қоғамдық қызметті пайдакүнемдікпен баю көзіне айналдыруына ымырасыз қарсы тұрды. Бұл рухани толысу халық ағарту мәселелерімен, білімге сусындаумен қатар жүрді. Адамдармен араласу өрісінің кеңеюі Абай есімінің қазақ даласына тарауына ықпал етті. Ол 40 жасында-ақ атақты ақын атанды.

Адамдармен қарым-қатынас жасау Абай философиясының дүниетанымдық негіздерін қалыптастыруға үлкен әсер етті. Бұл оған әр түрлі адамдардың мұқтаждарын түсінуге, олардың ойлары мен торығудан шығуын анықтауға мүмкіндік берді. Ақын дала адамдарының дағдысындағы даңғазалыққа қарсы болды:

Жас қартаймақ, жоқ тумак, туған өлмек,  
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.  
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,  
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

Абай болашақ халық игілігі үшін күресуге, жалқаулық, өсекшілдіктен бойды аулақ салуға шақырды.

Ер ісі – ақылға ермек, бойды жеңбек,  
Өнерсіздің қылығы – өле көрмек.  
Шыға ойламай, шығындап қылық қылмай,  
Еріншек өздігінен көпке көнбек.

Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек,  
Ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек.  
Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,  
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек.

Өз халқының рухын, болашақ бостандығын Абай айқын сезінді. М.Ю. Лермонтов сияқты «Отанымды мен сүйемін, бірақ тылсым махаббатпен» дегеніндей, ол көп жандармен сырласа жүріп, көңіл көтеріп, ермек болар жанды таппады. Ақын жасы ұлғайған шағында:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,  
Ашуың – ашыған у, ойың – кермек.  
Мұңдасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық,  
Кім көңілді көтеріп, болады ермек? –

деп жазған еді.

Абай әрбір қоғамдық топқа әлеуметтік-психологиялық сипаттама бере отырып, оны аяусыз сынады:

Бай алады кезінде көп берем деп,  
Жетпей тұрған жерінде тек берем деп.  
Би мен болыс алады күшін сатып,  
Мен қазақтан кегіңді әперем деп.

Жарлы алады қызметпен өткерем деп,  
Елубасы шар салып, леп берем деп,  
Жалаңқая жат мінез жау алады,  
Бермей жүрсең мен сені жек көрем деп.

Жақын тартқан достары да ұялмай бірдене тілеп тұрады:

Дос алады бермесең бұлт берем деп,  
Жауыңа қосылуға сырт берем деп.  
Бұзылған соң мен оңай табылмаспын,  
Не қылып оңайлықпен ырық берем деп.

Ең акырында туған ұлдың өзі де қарсы шығып, ол да інілері мен ағалары сияқты өзінің пайдасын ойлайды. Осы сұмдық арпалыспен адам өз өмірін өткізіп жатады:

Атаны бала аңдиды, ағаны іні,  
Ит қорлық немене екен сөйткен күні?  
Арын сатқан мал үшін антұрғанның  
Айтқан сөзі құрысын, шыққан үні.

Әлеуметтік жаңару жолдарын іздеген ойшыл-ақын жалпы ұлттық бірлік мұратына зейін қойды, этникалық туыстықты, патриотизмді, отаншылдықты сезінуге шақырды. Ол қазақтарды ру мен тайпаға бөлінуді тоқтатып, ұлттық бірлік негізін айқындап, барлық қазақтардың тағдыр туыстығына жетіп, өскелең біртұтас ұлттық санаға ие болуларына үндеді.

Қазақтар үшін осы ру, тайпа мен жүзге бөліну деген көп қианат әкелді. Сол дерттің кесірінен қазақтар өздерін өздері бөліп, өзінің руы мен тайпасынан басқа адамдарды жат елі деп санап, оларды сыртқа тепті. Ауыз бірліктің жоқтығынан қазақтардың арасында наразылық көбейіп, бір-бірін жеккөрушілік, өшпенділік туғызды.

Осыған қарсы шыққан Абай жершілдікті жоюға қандастық-туыстықтың сойылын соғып, әділдіктен таюға, паракорлық жасауға қарсы үн көтерді. Қазақ этносының ежелден көшпенділерге, отырықшыларға, малшыларға, егіншілерге, жартылай көшпенді шаруашылықты қолдаушыларға бөлінуі, одан әрі Қазақстан тұрғындарының кәсіптік әдістеріне қарай жіктелуін туғызды. Ал бұл кейіннен үш жүзге бөлініп, әкімшілік аймақтар ретінде бекіді. Қазақтардың іштей жікке бөлінуі тым етек алып кетті. Әбден дендеп кеткен рушылдық пиғыл, рулық байланыстың мәнін асыра дәріптеу қазақ қоғамының ілгері дамуына кері әсер етті.

Бұл жағдай тіптен XX ғасырда да сақталып, қазіргі қалыптасып келе жатқан нарықтық қатынастарға да кесірі тиіп отыр. Ол жөнінде Т. Рысқұлов былай деп жазды: «Қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық құрылымында революцияға дейінгі және

одан кейін зор өзгерістерге қарамастан, бұл рулық бөлінушілік әлі де бар, қазақтардың қоғамдық өміріне әсер етіп отыр».

Бұл Абайды қатты толғандырды, сөйтіп әлеуметтік қатынастарды жанартуға күш салды. Ал бұл ескі, кертартпа шаруашылықтан, бақташылық тіршіліктің шабандығынан арылып, шаруашылықтың түбірінен жаңа индустриалдық әдістеріне көшумен байланысты болды. Бірақ бұл қызметті атқарушы жаңа талапқа сай болу үшін, оқып, жаңа мамандық игеруі керек еді.

Дүние де өзі, мал да өзі,  
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.  
Білгендердің сөзіне,  
Махаббатпен ерсеңіз.  
Ақыл сенбей, сенбеніз,  
Бір іске кез келсеңіз.

Қазақтардың ұлттық психологиясында қашаннан бейжайлық, бейқамдық әдет басым. Бұл – далада басым болған шаруашылық-мәдениет жағдайының, мал өсірген жартылай көшпенді шаруашылық әдісінің нәтижесі. Мал өсіру әдісі көбіне малшылардың еңбегінен гөрі ауа райына, климат жағдайына байланысты болды. Байлар бір қыстағы жұтта кедей болып қалса, бірнеше жайлы жылдар қатар келсе, барлық халық тез арада байып шыға келеді. Бұл адамдардың табиғат алдында дәрменсіздігін, адам табиғаттың бір бөлшегі ретінде танылып, «алла өзі берді, өзі алды» деген бейқамдылықты туғызды.

Табиғаттың ішкі заңдылықтары болғандықтан, адамдар оларға бағынуы қажет. Тіптен XX ғасырда қазақ даласында миллиондап мал қырылды, ал XIX ғасырда бұл дағдылы жағдай еді. Табиғат адамдарға тіршілік ету жолдарын, әдістерін көрсетіп, олардың игілігінің басты күші болды. Абай табиғат апаттарына әрекетсіз мойынсұнуға қарсы болды. Ол адамзаттың жасаған көп жылдық тәжірибелік жасампаз еңбегі табиғи ортаны адам тіршілігіне бейімдей алатынын түсінді. Дәлірек айтқанда, шөп шауып, мал азығын дайындап, егіншілікпен айналысып, бақша өсіріп, бағбан болуға шақырды. Бұл даладағы қалыптасқан тіршілік негіздерін бұзу болса, Абай үшін ол әлеуметтік жаңа-

руға, жаңа шаруашылық нұсқасына ұмтылу болды. Көшпенділер өмірін бұлайша пайымдау мынаны көрсетті: «Бұл шаруашылықта барлығы жабайы, табиғатқа көзқарас, мал бағу, малшыларды ұстау, мал өнімдерін дайындау және оларды қолдану, тұтыну. Осы жабайылығына байланысты қазақ шаруашылығы аса тұрақсыз болды. Кішкене ғана кездейсоқтық бола қалса, мал шаруашылығы құлдырап, негізі бұзылады. Малшылыққа әсері қатал қыс апат әкеледі. Қазақтардың пікірінше, 10 қыстың алтауы жайлы болады, түбірлей айтқанда, мал бағу шаруашылығы әдісінің және шаруашылықтың мәдени деңгейінің жанама көрсеткіші «жұт» болып табылады».

Жартылай көшпенді мал өсіру кәсібі Қазақстанда ғасырлар бойы өмір сүріп келді, ол халық тіршілігіне негіз болды және осының барлығы болмыс қағидасына айналып, әлемдік құндылықтар санатына қосылды. Бұл құндылықтардың ежелгілігі сонша, олар халықтың қаны мен тәніне еніп, ертеден сана түкпірінде өмір сүрді. Мұның сырын ашу мүмкіндігі де бар. Адам психикасының негізін осы құндылықтар құрайды. Оларды З. Фрейд архетип және көне бейне деп атады. Қазақтардың ұлттық психологиясында бұл архетиптер ретінде мынадай ұжымдық бейнелер мен мифологиялық, эпсаналық тақырыптар орын алды: көшіп-қону, ат, киіз үй, батыр, ашық жерлер, көш кеңістігі, тіршілік қамында өтетін уақыт, жылы оңтүстік өлкелері және т.б.

Қазақтардың болмыс шындығына тікелей жақындығы, бақыланатын және қабылданатын дүниелердің сезімдік сәйкестігі, осы болмыспен түп-тамырының бірлігі, уақытты, кеңістікті, адамның ішкі жан-дүниесін, басқа тіршілік ету дүниелерін, болмыс мәнін, мінез-құлық қалыптарын өзіне тән ерекшелікпен түсінуден көрінді. Дегенмен бұл адамдардың ғасырлардан келе жатқан түсінігі және адамдардың қарым-қатынас әдістері жаңа шындық талабына жауап бере алмады, оларды өзгерту қажет болды.

Далаға тауарлы-ақшалы қатынас енді, қазақтар өз жерінен ығыстырыла бастады, бұл малшылардың жаппай қайыршылануына әкеп соқтырды. Қазақтардың шахталарға, рудниктерге, тұз өндіруге, балық өндірісіне араласуы сияқты жаңа

құбылыс байқалды. Бұл қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымына әсер етті. Кедейлер батрак болып егіншілікке, малшылыққа, шөп шабуға, т. б. жұмыстарға кулактар мен казактарға жалдана бастады.

Абай өз еңбектерін сатып күн көріп жүрген кедейлермен, жұмысшылармен сырласып, олардың арасынан қоғам өмірінің ескі бір сарынды қалыптарына қарсы пікірлестер табады. Ол басқа халықтардың озық тәжірибелерін қабылдап, жаңа мамандықты игеруге, оны үйренуге шақырады. Орыстардан – білімді, өзбектерден – диқаншылықты, қолөнерді, сауданы, ал татарлардан еңбексүйгіштік пен әскери істі үйрену керектігін көрсетті.

Ол ұлттық мінездің, қайырымдылық, туысқаншылық, қонақжайлық, үлкенге құрмет, қайғы бөлісу сияқты жақсы қасиеттерін айта отырып, қазақтардың өмірден лайықты орнын табуға бөгет жасайтын кейбір жағымсыз қылықтарын көрсетті. Ондай қылықтар деп: мақтаншақтықты, басқа халықтарды менсінбеуді, жалқаулықты, өсекті, біреуді көре алмаушылықты атайды. Өмір бойы ол осымен күресті, тарих ағымынан сырт қалмау үшін тұлға мен қоғам дамуының қажеттігін көрсетті.

Әлеуметтік жағынан жаңғыру үшін рулық сананың шыр-мауынан шығып, қазақтар біртұтас этникалық сана деңгейіне жетуі қажет еді. Бұл қазақтар алдында тұрған мәселелер мен міндеттерді танып білуге жеткізер еді, бірақ рулық-тайпалық тартыс, томаға-тұйық тіршілік бұған мүмкіндік бермеді. Тарихшылардың айтуынша, «ата-тегінен келе жатқан байлар дербес экономикалық және саяси билік етуші күш болды, олар үстемдігін күшейту үшін, кедей ағайындарына ықпалын нығайтып, оларды барынша қанау үшін артта қалған дағдыларды, дәстүрлі әдет-ғұрып, рулық салттарды қолданып, өздерінің таптық мүдделерін көздеді».

Абай тар өрісті рулық сана аясынан шығып, қазақтарды этникалық тұтастыққа жетуге шақырды. Бұл біртұтас экономикалық, мәдени және тілдік кеңістік аясында мүмкін еді, одан әрі жалпыадамзаттық бірлікке қадам жасауға болады. Егер адамдар

қалыпты өмірде бүгінгі міндетті орындаумен айналысып, болашақ болмыстың іргетасын қалайтын болса, демек мұнда экономикалық-мәдени және саяси сипаттағы маңызды проблемалар да пайда болады, сөйтіп, әлеуметтік-мәдени тұрғыда ұлт пен этностың өмір сүру мәселелері шешіледі. Бұған қоса жалпыадамзаттық нақты дүниелер ауқымында шешілетін ғаламдық болмысқа қатысты дүниетанымдық мәселелер де бар, олар адамның дүниеге көзқарасын, оның дүниетанымдық принципін айқындайды.

Әрбір адам өз қалауынша өмір сүруге құқылы. Егер ол жалпыадамзаттық биіктікке көтеріле алмаса, онда ол тар өрісті рулық мақсат-мүддеден аса алмайды, соған бағынышты болады. Бұл жағдайда оның мінез-құлық өлшемдері, бағыт-бағдары мен ой пайымдары, таңдау эрекеттері рулық-тайпалық және этникалық негізде қалыптасады. Сол кезде қоғамның үстемдік етуші салт-дағдылары одан әлеуметтік құлықтың белгілі бір дүниетанымға бағытталған жолдарын ұстануды талап етеді.

Адамның әлеуметтік субъектінің нендей бір рөлін, атқаруына тура келеді, қоғамдық сатыдан да ол белгілі бір орын алады, оған өзі асып кете алмайтын әлеуметтік шек жасалады. Бұл жағдайда ол жоғары дүниетаным, өз тіршілігінен биік міндеттер жайлы ойланбайды, онда болмыс мұраты тар өрісті рулық туыстастар мүддесіне айналады.

Осыны түсіну Абай дүниетанымының қайнар көзі болды. Адам рулық, этникалық, ұлттық болмауы керек, ол әмбебап тіршілік иесі болып табылады және соған ұмтылуға тиіс. Адам өмірге бүкіл дүниені қайта өзгерту әлеуетімен келеді.

Сондықтан ол – дүниетанымдық қабілеті бар тіршілік иесі. Осы жолда Абай сауат ашуға, білім алуға, ғылымға үлкен мән берді. Тәрбие, оқу және білім беру адам болсам дегендердің қолына дүниенің тұтқасын ұстатады. Адамның әлеуметтік дамуы – оның дүниені танып-білуінің өсуі, мүмкіндігінің іске асуы. Ойшыл ақын адам дүниені ғылыми түсініп, жаңғырта алады деп біледі. Ол өз этносының тар аясынан шығып, әлемдік тұлға бола алады. Әйткенмен де адам – өзі туып-өскен ортасының, өз мәдениетінің жемісі, яғни болашақ әлеуметтік жағдайды жаңадан жасауға тиіс.

Ағарту мәселесі қоғамды жаңарту мақсатына ұласады, мұның өзі айналадағы ортаға жаңаша көзқарасты қалыптастырады.

Адамның маңызды бір мүмкіндігі өзі мен айналадағы дүниені өзгертуге бейімділігінде. Осы негізде Абай адамдарды өздерін өздері өзгертуге, тіршілік етудің жаңа жолдарын табуға, өмір бойы мал соңында жүруден арылуға шақырды. Халыққа арнаған сөздерінен оның егіншілікке, саудаға, қолөнер мен ғылымға бой ұру тілегі айқын көрінеді. Әрине, бұл шаруашылық салаларымен қазақ даласында да ішінара айналысты, бірақ жаппай жүзеге аспаған еді. «Ол мал көбейсе малшыларға бақтырмақ, өздері етке, қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ».

Жалқаулық пен қызық құмарлықтан арылу үшін, ол көбірек кәсіппен айналысуға шақырды. Ол үшін өзінің ана тілін үйренуге, сауат ашуға, білім алуға, одан кейін «араб, парсы тілдерін үйренуге үндеді». Ресей империясының қамтуында болғандықтан, Абай орыс тілін үйренуге зор маңыз берді: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек». Өзі орыс тілін жетік білді, соның арқасында Семейдің және Омбының алдыңғы қатарлы зиялы қауымымен тығыз араласты, аймақтық сотта отандастарын қорғады.

Абай адамды тұлға ретінде сан қырлы, алуан сырлы деп білді. Ол әр салада өз мүмкіндігін жүзеге асыра алады, өзін табиғатты, дүниені және өзін-өзі жаңғыртып түлетуге, жасампаздық іске арнауы керек. Адам мінез-құлқының сан алуандығы мен қисапсыздығын байқап, бүкіл ғұмырын соны жүзеге асыруға арнады. Абайға өзін бостандыққа арнаған қайсар, ержүрек Базаралы, ақынжанды Дәрмен, жастық шақтағы досы Ербол, білімді, парасатты Әбіш, шыншыл Дәркембай және тағы басқалары аса жақын болды. Ақын солар арқылы алдағы күнге үмітпен қарады.

Өкінішке орай, XX ғасырда оның үміті іске аспады. Бұл қасірет ұлттық рухымызға жат коммунистік идеологияның үстемдік етуі еді. Ол оның шәкірттері мен жолын қуушылар: Шәкәрімнің, Әлихан Бөкейхановтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Міржақып Дулатовтың тағ-

дырынан көрінді. Қазір ХХІ ғасыр қарсаңында қазақ халқы тағы да әлеуметтік жаңғыру, экономикалық, саяси және мәдени реформаларды іске асыру үстінде. Абай дүниетанымының сан алуан сырына қанығу, оны қазіргі қоғам дамуының көкейтесті мәселелерін шешуге қолдану, «ұлы бабамыздың» рухани әлемінің жұмбақ сырларын ашу – егеменді елдің алдында тұрған маңызды міндет.

М.О. Әуезов айтқандай: «Шын мәнінде алғанда, Абай философ емес, ғылымдық кең мағынасында алғанда, Абайдың арнап жазған философиялық жекеше терең толғаулы еңбектері, трактаты жоқ». Осы пікірді жолдаған жазушы сонымен бірге Абайдың философиялық дүниетанымын зерттеуді мақсат еткен. «Және осындай ойшылдық белгілерін жеке философиясы деп атамасақ та, ақынның даналық, философиялық көзқарастары деген тұрғыда мейлінше түгел қамтып, тексеріп, талдай білуіміз керек». Жазушы ой-пікіріне толық қосыла отырып, Абайдың философиясын әбден зерттеуге болады.

Абай дүниетанымын толық түсіне отырып, оның философиясы бойынша әдейі арнап еңбек жазбағандықтан, оның түсініксіз жерлері көп. Оның үстіне осы уақытқа дейін маркстік-лениндік философия әдістері негізінде ұлы ақын ойларының біраз жерлері теріс түсінілді. Ең алдымен оның дінге қатынасы бұрмаланды. Атеизм мемлекеттік идеология болғандықтан, Абайды зерттеушілердің бәрі оны дінге, исламға қарсы қоюға мәжбүр болды да, ақынның шынайы ойлары дұрыс бағаланбады.

Идеологиялық шарт қоймай, кейбір өлеңдеріне назар аударалық: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», «Замана, шаруа, мінез күнде өзгереді», «Махаббатпен жаратқан адамзатты», «Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ...», «Көп кітап келді Алладан, оның...» деген өлеңдерде Абайдың Аллаға қатынасы толық ашылған. Құдайды сүю, Алланы тану, оған сену, сенім деген мәселелермен ақын көп айналысқан. Өлеңдерінің көбісінде Аллаға деген сенім мәселесі қозғалады. «Қара сөздерде» құдай аты аталмаған жері аз...

«Дін тану, Аллаға деген сенім тұрғысынан алғанда, Абайға үлкен әсер еткен – сопылық философия, яғни, Қожа Ахмет

Иассаuidiн дүниетанымы». Өзінің ойларымен қайырымсыздыққа, қатыгездікке, имансыздыққа, тоғышарлық пен менменшілдікке қарсы болып, адамды тазалыққа, имандылыққа шақырды. Абай «Даналық кітаптан», Иассауи жазған сөздерден көп дәріс алған. Әсіресе, Ахметтің уағыз еткен әділеттілік, мейірімділік, адамгершілік, имандылық қасиеттерін жоғары бағалады, олардың бәрін ислам діні береді деп ой түйді. Имандылықты зор күш-қуаттылықпен қабылдаған Абай ислам дініне мейлінше сеніп, поэзиясында, прозасында Алла туралы көптеген құнды ойлар айтып, имандылықтың қазақ халқының рухани дүниесімен іштей үндес екенін көрсеткен.

Сопылық «Ғақлияның» 38-ші сөзінде көрініп отыр. Иассауиден тікелей көшкен тарихат жолдары болып Тәубашылдық, Ғибадатшылық, Махаббат, Сабырлық, Шүкірлік, Ризашылық, Захидшілдік пен Ғаріптік танылады. Сол жүйелерді талдаған Абай әсіресе Махаббаттың мәнін былайша ашқан: «Махаббат – әуелі адамның адамдығы, ғақыл, ғылым деген мәселелер бірлән». Ол да сопылардан келген ой, себебі олар махаббатты Алланың нұры деп түсініп, осы нұр жауғандарда махаббат сезімі туып, алдынан әр алуан жолдар ашылады.

Алланы сүюден махаббат одан әрі дамып, дүниенің кеңдігін танытады, таным жолдарын ашады, тіршілік мәселелерін мазмұнды етіп дүниені өзгертуге жеткізеді. Иассауи дүниетанымынан қазақ даласына кең тарағаны тәубашылдық ұғымы еді, ол тек қана Абайдың ой дүниесіне ғана емес, барлық қазақтың өміріне тән нәрсе болды.

Тәуба қылып, хақты тапқан ғапықтарға,  
Ұжмақ ішінде төрт артықша шәрбәті бар.  
Тәуба қылмай хақтан тайған ғапылдарға,  
Тар лахатта қатты азап қасіреті бар.

Абай сопылықтың кейбір жерлерін қоштай алмады, осы өмірдің қызықтарынан безу, отбасы тірліктерінен арылуды қолдамады. Сонымен бірге ақын сопылықты жоғары санап, оның имандылық идеясын адам санасын тазартуға, парасаттылықты

орнықтыруға бағытталғанын түсінді. Махаббат, тәуба, қанағат ұғымдарының қазақтың ұлттық санасына қажет екенін ұқты.

Сопылықпен бірге Абай ислам дініне де ықылас қойды. Исламият жолының қағидаларын ұстанды. «Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй, ол Алланы жаннан тәтті. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және хақ жолы осы деп әділетті. Руза, намаз, зекет хаж – талассыз іс, Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс...»

Осындай сөздерден кейін Абайды дінді қолдамаған ақын деу өте қиын. Әлбетте, оның дүниетанымы тек қана дінмен шектелмейді, оның астарында кең де пәрменді дінтану, теология, сенім жайлы ойлар жатты. Ақынның жалпы дүниетанымы діннің ауқымынан шығып, жалпы адамгершілік жайлы ұғымды меңзейді.

Қорыта айтқанда, Абай философиясының мәдени-тарихи және дүниетанымдық негіздері мынада:

1. Абай жалпыадамзаттық құндылықтарды жоғары ұстап, таптық идеологияға қарсы болды. Қазақстанның тәуелсіздігі Абай тағылымына шынайы көзқарасты қалыптастыра бастады, оның шығармашылығының тылсым табиғатын, құпия мұраттарын ашты. Біз Абай шығармашылығының шынайы мәнін енді түсіне бастадық, шынайы Абайды тану енді ғана мүмкін болды. Оған жол ашқан – ақынның өзінің жалпыадамзаттық құндылықтар хақындағы ой тұжырымы.

2. Осы түсінік Абайдың шығу тегінің жаңа маңызын көрсетеді. Таптан тыс ойлау, халық даналығының қонған жерін – Өскенбайдың дана би, Құнанбайдың әділетті, аса білікті саясаткер, шешен болғанын, анасы Ұлжанның халықтың рухани қазынасынан сусындағанын, нағашылары Қонтай, Тонтай от ауызды, орақ тілді елге аттары шыққан, ділмар болғанынан деп білеміз. Ал бұрынғы таптық ойлау дағдысы байларды тек қана қатыгез ретінде көрсетуге негізделген.

Абай – қазақтың қалыптасқан, толысқан, ұлттық ой-дүниесін бұрынғы ескі рулық-психологиясынан бөліп тұрған үлкен асу. Оның ойлары XIX ғасыр мен XX ғасырда қандай биіктен көрінсе,

қазірде де оның данышпандық ойы заман тынысымен үндестіріп жатыр. Ақын ойларының маңыздылығы, мәнділігі, міне, осында.

Ақынның дүниетанымын зерттегенімізде, ең алдымен, оның қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінен өскендігін көреміз. Басқаға қарағанда онда Шығыс мәдениеті мен орыс, батыс Еуропа мәдениетінің ықпалы болуымен қатар, әсіресе, қазақ ауыз әдебиеті мен жазба ескерткіштерінің әсері мықты болды.

Абай дінге аса ықыласпен қарап, өзі де діни мазмұндағы өлеңдерді жазды. Оның дүниетанымына Иассауидің сопылық философиясы ықпал етті. Бұл мәселе тоталитарлық идеология заманында зерттелмеген еді. Мұсылманшылықты берік ұстаған ақын тағылымы адамгершілік принципіне ұласты.

Ойшыл қазақ сана-сезімінің ішкі мәнін іздеп, оны Шығыс ойының бір арнасы деп білді. Ол қазақтың өзіндік дәстүрлі мәдениетін зерттеп, ақыл-ойдың даму заңдылығын ашты.

Қазақ қоғамында адамдар арасындағы қатынас, баянды құндылықтар мен рухани үйлесімділіктер маңызды орын алды, олар тіпті экономикалық, шаруашылық көрсеткіштерден де жоғары тұрды. Қазақтар үшін адамдардың рухани жақындықтары артық саналды.

Қазақтарда Батыстың ақша – тауар қатынастары емес, адамдар арасындағы сыйластық қатынастары жоғары тұрды. Бұл қатынас, қоғамның күрделі даму эволюциясына қарамастан, өзінің негізгі мәнін сақтады, сондықтан ғасырлар бойы рухани болмысты, соның ішінде қоғамдық қатынастарды ұйымдастырып, үйлестірудің негізі болды. Олар қазақтың сана-сезімінің негізін жасады.

Сөйтіп, тарихи тәжірибені үнемі жаңғыртып, үлгі-өнеге ғұрпын қалыптастырды, мәдени мұраны топтастырушы болды. Рухани дүние әлеуметтік құлықтың бағыт-бағдарын көрсетіп отырды.

Абайдың дүние танымына терең ұлттық бағдар тән. Ол қазақтың философиялық ойының негізін салды. Бұрынғы зерттеулерде ақын ойларын оның алған орысша білімімен байланыстырып қарады. Ұлттық және Шығыстық бастауларынан тысқары баға берілді. Ал ол қазақ қоғамының, халықтың мәден

өмірі мен рухани дүниесі айқын көрініс тапқан өзіндік тарихын көрсеткен еді.

Ақынның дүниетанымының негізінде адам мәселесі тұрды. Қазақ ағартушылығының көш басшысы ретінде ол «Адам бол!» деген сөзді ту етіп көтерді. Қазақ қоғамын түбегейлі өзгерту керек, ол үшін көзі ашық жан білім алу арқылы рухани мешеулікті, надандықты, жалқаулықты жеңе алады.

Абай қазақ елінің ұлттық психологиясын терең түсінді. Біртұтас халықтың ыдырауын ол ру, тайпа мен жүзге бөлінумен байланыстырды. Оны жою үшін ұлттық бірліктің негіздерін айқындап, бар қазақтың тағдыр-бірлігіне, біртұтас ұлттық санаға үндеді. Рулық сана шырмауынан шығып, этникалық санаға, ұлттық бірлігін ұғынуға шақырды.

Қазақтың дүниетанымына, болмыс шындығына тікелей жақындық тән. Қазақтар өзі өмір сүріп отырған болмысқа етене еніп, уақытты, кеңістікті, адамның ішкі әлемін, басқа тіршілік дүниелерін, болмыс мәнін, мінез-құлық қалыптарын өзіне тән ерекшелікпен түсінді. Алайда бір қалыптасқан ұғым тағылымы жаңа заман талабына жауап бере алмады, оны одан әрі түбірінен жаңарту қажет болды.

## ТҮСІНІКТЕР

1. Жұбанов А. Абайдың музыкалық мұрасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Жұбанов А. Ән-күй сапары. – Алматы: Ғылым, 1976. – 213-221-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Ақынжанов М. Абайдың қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР ҒА баспасы, 1954. – 65-84-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Тәжібаев Т. Жүрегімнің түбіне терең бойла. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 133-148-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Зиманов С. Абай – ұлы билердің соңғысы және оның бітім-биліктері туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Зиманов С.З. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. – Алматы: Ата-мұра, 2008. – 100-143-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Әуезова Л. Абай Құнанбаев және оның өскен ортасы (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезова Л.М. М.О. Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары. – Алматы: Мектеп, 1977. – 168-203-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Ерзакович Б. Абайдың қазақ музыкасына қосқан үлесі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай Құнанбаев. Айттым сәлем, Қалам қас. Өндер мен күйлер / құрастырып, музыкалық редакциясын жүргізген Б.Г. Ерзакович. – Алматы: Өнер, 1986. – 5-18-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ғабдуллин Б. Абай және Сократ. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 159-173-беттер; Абай институтының вебсайты.
8. Орынбеков М. Абайдың әлеуметтік философиясының мәдени-тарихи және дүниетанымдық алғышарттары. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың дүниетанымы мен философиясы / жауапты пығарушы философия ғылымының докторы М.С. Орынбеков. – Алматы: Ғылым, 1995. – 34-68-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Есім Ғ. Абай философиясындағы адам мен Алла болмысы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – 69-106-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Барлыбаева Г., Нысанбаев Ә. Абай дүниетанымының қайнар көздері және философиясының жалпы мәселелері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – 7-33-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Молдабеков Ж. Абайдың адамтануы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3; Абай институтының вебсайты.

12. Байтенова Н. Абай философиясының антропологиялық бастаулары. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3; Абай институтының вебсайты.
13. Күзембаева С. Абайдың музыкалық шығармашылығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы / жалпы ред. басқ. У.Қ. Қалижанов, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 461-473 – беттер; Абай институтының вебсайты.

## МАЗМҰНЫ

|                                                                                                                |     |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Жұбанов А. Абайдың музыкалық мұрасы .....                                                                      | 3   |
| Ақынжанов М. Абайдың қоғамдық-саяси<br>көзқарастарының қалыптасуы .....                                        | 12  |
| Тәжібаев Т. Жүрегімнің түбіне терең бойла.....                                                                 | 33  |
| Зиманов С. Абай – ұлы билердің соңғысы және оның<br>бітім-биліктері туралы.....                                | 50  |
| Өуезова Л. Абай Құнанбаев және оның өскен ортасы .....                                                         | 94  |
| Ерзакович Б. Абайдың қазақ музыкасына қосқан үлесі.....                                                        | 116 |
| Ғабдуллин Б. Абай және Сократ .....                                                                            | 132 |
| Орынбеков М. Абайдың әлеуметтік философиясының<br>мәдени-тарихи және дүниетанымдық алғышарттары.....           | 148 |
| Есім Ғ. Абай философиясындағы адам мен<br>Алла болмысы .....                                                   | 183 |
| Барлыбаева Г., Нысанбаев Ә. Абай дүниетанымының<br>қайнар көздері және философиясының<br>жалпы мәселелері..... | 223 |
| Молдабеков Ж. Абайдың адамтануы.....                                                                           | 240 |
| Байтенова Н. Абай философиясының<br>антропологиялық бастаулары .....                                           | 252 |
| Күзембаева С. Абайдың музыкалық шығармашылығы.....                                                             | 267 |
| Түсініктер.....                                                                                                | 280 |

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ**  
**ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР**  
**V том**  
**Ойлар мен толғаныстар**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:  
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *К. Мухадиева*  
Компьютерде беттеген *Ү. Әбдіқайымова*  
Мұқабасын безендірген *Қ. Өмірбекова*

**ИБ№8888**

Басуға 24.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 17,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1510.  
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.